

Хакім мұрасына заманауи көзқарас

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласы күллі адамзаттық ауқымда ойлау биігіне көтерілген дана Абай ілімін бүгінгі Қазақстан халқына жаңа ұстаныммен, қазіргі замана талабына барынша бейімдеп жеткізген.



Жаңғыру. Өткеннен қол үзбей жаңа құндылықтарға ұмтылу. Дей тұрсақ та, өткеннің бәрі таза, кіршіксіз, айрылуға қимастай ардақты емес. Сондықтан алдымен Абайдың өзін ашындырған, бүгінге дейін қыр сонымыздан қалмай келе жатқан таптаурын, жадағай, яғни жағымсыз әдеттерімізден бас тартуымыздың қажеттілігі тайға таңба басқандай айтылған.

Мақаланың күретамырлы тұжырымдарының бірі – Абайды оқу, ақын өлеңін жаттау. Осы арада қоғамымыздың бір мүшесі ретінде мынадай ұсыныс сұранып-ақ тұр. Қазір жекелеген адамдар болмаса, өздігінен Абай сөзін көп ешкім жаттай қоймайтыны белгілі. Ендеше бұған ынталандыру, тіпті өркениетті жолдармен мәжбүрлеу тәсілдерін қолданған абзал. Оның бір жолы барлық мемлекеттік қызыметкерлердің жұмысқа орналасуда және кейіннен мерзім сайын тапсыратын тест кезіндегі том-том зандардың санын сәл азайтып, оның орнына Абайдың 4-5 өлеңін, қара сөздерін жатқа білу талабын енгізу. Тәжірибе көрсетіп келе жатқандай, адам сөз бер сөйлемді, мәтінді көшіріп, ең дұрысы жаттағанда ғана оның мәніне бойлай алады. Мұндай талап Президент мақаласында тағдыр шешті жайт қатарында көтерілген қасиетіңнен айналайын қазақ тілін менгеру орыстілді бауырларымызға ғана емес, жанымызда жүрген өзге ұлт өкілдерінің игеруіне таптырмас құрал. Демек, Абай мұрасы арқылы ұлттың жаңа сапасы қалыптаспақ.

Рас, тәуелсіздігіміздің отыз жылдығын артқа тастағанда біз ғасырларға лайық белестерден өте білдік. Дей тұрғанмен, белгілі себептерге байланысты негізгі күш-жігер экономикалық, саяси салаларға ойысып, темірқазығы Абай деп та-

нылған рухани құндылықтар екінші қатарда қалып келді. Ішкі саясатта ұлттық жаңғырудан бұрын ұлтаралық көлісім жоғары тұрды. Олай болуының да өміршең талаптары болды. Ел тұрғындары бүтіндегі бір кезең бойы өз үкіметінің өз тілінде сөйлемеуіне де толеранттылық танытты. Алайда, қазақ қоғамының, соның ішінде қазақ тілді қалың қауымның өзекжарды, тіпті жанайқайының тиісті орындарда қажетті деңгейде естілмей қала беруі ұлттық жаңғыруға емес, торғыштылық көніл күйге ұшыратты. Одан адасушылыққа, теріс әлеуметтік әрекеттерге, соның ішінде шет елдерден келген жат діни ағымдар мен идеологияға бой ұруы тәрізді барынша қатерлі бағыттарға бет бұруының алдын алуымыз лазы姆.

Бүгінгі Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың ажырамас мүшесі дәрежесінде, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арыла отырып, ұлттың дамуына кедергі жасайтын өткеннің көртартпа тұстарын ман сұқтау арқылы жаңғыра алады. Керегемізді кері тарттырып тұрған жайттар: жен ұшынан жалғасқан жершілдік, тамыр-тансыстық, ысырапшылдық пен астамшылық, даңғойлық пен кердеңдік, орынсыз салтанат, қанатсыздық пен үнемсіздік. Ендеше, Президенттің осынау доктрина деңгейіндегі мақала-баяны өркениеттілікке емес өзімшілдікке, зиялыштыққа емес зияндыққа, парасаттылық емес пасықтыққа, ізгілікке емес ібілістікке лақтыратын мұндай «ғұрыптардан» дереу құтылып, нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, салауатты өмір салтын ұстану, кәсіби өнерді игеру, «бес дүшпанаңды біліп, бес асыл іске көнуді» көздейтін ұлттық pragmatismге шақырады. Осы арнада мемлекеттігімізді нығайтуымыз үшін халық пен биліктің бірін-бірі естіп, біртұтас болуы қажеттігінің жариялануы жүрекке соншалық жағымды. Ал биліктің халық алдында есеп беруін жолға қоюдың бастапқы, негізгі қадамы, біздің ойымызша, алдымен жекелеген адам алдында есеп беруді қалыптастыру дер едік. Неге. Өйткені халық деген өте кең, жалпы ұфым. Халық «бізге есеп бер» деп күнде алаңға немесе кеңсеге жинала бермейтіні түсінікті. Бүгінде қоғам өмірі көрсетіп отырғандай, белгілі бір топты, әлеуметті, яғни халықтың елеулі бөлігін толғандырып отырған қандай да бір проблемаларды жекелеген, көзі ашық, көкірегі ояу белсененді азаматтар ортага салып жүреді. Демек, алдымен осындай санаттағы азаматтардың үніне ден қоюдың ресми тетігін орнату ләзім.

Абайдың аса терең, ауқымы өте кең ұлағатының бірі – Толық адам. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған жан. Мінеки, бүгінгі біздің қоғамдаға емес, анығы барша әлемде осы ұфым, осы өлшем азайып бара жатқаны белгілі.

Десек те, жүргегі ақ халқымыз заманның ең бір қын кездерінде осынау өмірлік философиясынан айырылмағаны қуантады және ел келешегінің кемел екендігіне қарысыз сендіреді. Мұның жарқын белгісі Алматыдағы ұшақ апаты кезінде қарапайым қауымның, ешкімнің нұсқауының из полиция жасақтарына, құтқарушыларға ақысыз ыстық ас пісіріп таратқанынан көрініп, көзімізге жас алдық. Жаздағы Арыс апаты кезінде де халқымыздың жомарт жүректілігі мен бір жұдырықтай тұтастығына жаһан күә болды.

Мемлекет басшысының мақаласындағы келесі өзекті де озық пікір – Абай жылы барысында бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдында есеп беруі. Бұл

соншалық терең мағыналы жайт. Расында, біздер осы уақытқа дейін Абай өсietіне қаншалық құлақ астық, қай шамада орындадық, нені түсініп, нені түсін бедік, қай кемшілігімізді, мінімізді, осалдығымызды түзей алдық. Міне, тура сондықтан да ұлт ұстазының алдында есеп беретін сәтіміз келді. Ол үшін, әлбетте Абай сөзін игеріп, Абай мұрасын ұғынып, абыздың жаңын түсінбейінше, басқа тірліктің бәрі зая болуы ықтимал.

Мұхтар КӘРІБАЙ